

***Өндірістік жарақаттану және кәсіби науқас**

Оқытушы: Тукенова К.Т. п.ғ.к. Доцент

Студент: Рахымжанова А.Д.

Нұрабаева Д.Т.

Әбзебек Р.Д.

5B073200

Өндіріс саласы оның ішінде химия өндірісінің
саласы әртүрлі
болғандықтан, ондағы болған
өндірістегі жарақаттану мен кәсіби ауруларда
әртүрлі сипатта болады. Бақытсыздық жағдайлар —
бұл жұмысшыға өндірістегі қауіпті фактор әсер
етуіне байланысты болған
жағдай. Олар: өндірістік және өндірістік емес
деп бөлінеді. Егер бір смена уақытында
бақытсыздық жағдайлар болса, өткір аурулар, ал
ұзақ уақыт нәтижесінде болса, созылмалы деп
атайды. Егер санитария ережесі бұзылса, адамға
еңбектің кеселді жағдайы әсер етіп
мамандық ауруларына ұшырайды.

Тергеу барысында келесі жағдайлар орын алатын болса, өндірістегі еңбекшілердің денсаулығына келтірілген зақым ескерілмейді:

- зардап шегуші қылмыстық іс істегенде ;
- өз денсаулығына әдейі зақым келтіру нәтижесінде;
- зардап шегушінің қауіпті және зиянды өндірістік факторлар ықпалымен байланыссыз денсаулығының кенеттен нашарлауы;
- сәтсіз оқиғаның себебі болып қатты әсер ететін улы және нашақорлық заттарды тұтыну, спирттік ішімдікті пайдаланып, мас күйінде табылғанда.

Ескерту: Бақытсыздық жағдайдағы (БЖ) табиғи өлім, өзін-өзі өлтіру, сондай-ақ, зардап шегушімен қылмыс істегенде алынған зақымдар тергеледі. Бірақ та зақымды өндірістікке жатқызу және есепке алу шешімі компетентті органдар шешімінен кейін қабылданады. Жұмысшының табиғи өлімі сот – медициналық сараптамамен немесе медициналық шешіммен бекітілуі тиіс, өзін-өзі өлтіру тергеу органдарымен бекітілуі қажет.

Комиссия қандай мерзімде ауыр және топтық кездейсоқ жағдайларды тергеуге міндетті

Бұдан әрі мемлекеттік еңбек инспекторы (арнайы тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы) арнайы тексеруді жүргізген комиссияның қандай қорытындысымен келіспейтіндігіне негіздеме келтіруі қажет. Өзінің қорытындысында ол:

- комиссия сұрау салмаған немесе өздерінің алғашқы айғақтамаларын өзгертуді шешкен жазатайым оқиға куәгерлерінен қосымша алынған түсіндірмелеріне;
- зардап шегуші алған зақымдардың сипаты, оның қайтыс болу себептері туралы медициналық қорытындыға;
- жазатайым оқиғаға әкеп соққан жағдайдың қалыптасуына әкеп соққан еңбекті қорғау жөніндегі талаптары сақталмаған нормативтік құжаттарға;
- басқа да сараптау комиссияларының қорытындысына;
- осы жазатайым оқиғаға қатысы бар өзге де құжаттарға сілтеме жасауы тиіс.

Қауіпті өндірісітік факторлар- жарақатқа немесе басқа кенеттен де нсаулығының нашарлауына алып келетін, белгілі жағдайлардағы, жұмысшыға әсер ететін факторлар.

Зиянды өндірістік факторлар - аур уға немесе жұмыс қабілеттілігін төмендетуге алып келетін, белгілі жағдайдағы жұмысшыға әсер ететін фактор.

Өндірістік жарақат дегеніміз – қауіпсіздік техникасының талаптарын ескермегендіктен болатын жарақат.

Аса ауыр емес дене жарақаттарына, денсаулықтың бұзылу ұзақтығы үш аптадан жоғары (21 күннен аса) немесе жұмыс істеу кабілеттілігінің 10-нан 33% дейін төмендейтін өміріне аса қауіпті емес жарақаттар жатады.

Жеңіл дене жарақаттарына, денсаулықтың бұзылуы қысқа мерзімде (ұзақтығы 6 күннен астам, бірақ 3 аптадан артық емес) немесе сәл ғана еңбек кабілеттілігінен 10% дейін айырылатын жарақат түрін айтады.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодекстің 37-тарауынан алынған үйінділер.

Өндіріске байланысты өндірістік жарақатты рәсімдеу реті, тіркеу және есеп беру сәйкестігі анықталады.